

*Бекітемін:*  
*«Күнишақ» жекеменшік*  
*бөбекжай – бақшасының*  
*әдіскері: Жақсылықова А.Ә.*

## **«Көңілді старт» эстафеталық ойын**

***Кіші топ, «Алпамыс» тобының ұйымдастырылған***  
***«Толағай» спорттық сайысы***



*Тәрбиеші: Сатыбалдиева Б*

**Сабақтың тақырыбы:** «Көңілді старт» Толағай сайысы

**Сабақтың мақсаты:** Балалардың денсаулығын нығайту, балалардың шапшандығын, жылдамдығын, тапқырлығын арттыру.

**Құрал жабдықтар:** Ысқырық, доп, орындықтар, кегли, кругтар т.б.

**Тәрбиеші:** Қайырлы күн, құрметті спорт сүйер қауым! Бүгін сіздер спорттық ойынына қатысқалы отырсыздар.

Ал енді спорт заңы бойынша қазылар алқасымен таныстырып өтемін:

Спорт десе таза біздің арымыз,

Жалындайды сайысқанда жанымыз.

Сайысатын ағаларды бүгінгі,

Қарсы алайық, қошеметпен бәріміз.

Ортаға:

1 топ «Жасылдар» тобы

2 топ «Сарылар» тобы

Әр топ өзін таныстырады.

**Тәрбиеші:** Ойын 4 турдан тұрады.

1. «Кім жылдам»

2. «Дәлдеу»

3. «Боулинг»

4. «Кругтан өт»

### **1. Кім жылдам**

Команда бөлініп допты ұстап, кедергілер арасымен жарысып жүгіріп келу.

### **2. Дәлдеу**

Ойынға екі команда бір уақытта қатыса алады. Олар сәре сызығында біркелкі тұрады. Допты ұстап, кеглиді құлатпай, Жоғарыда тұрған кругтан

допты дәлдеп салып, қайта орнына жүгіріп, келу керек, солай келесі бала жалғастырады.

### 3. Боулинг

Ойынға екі топ бірдей тұрып, қолдарына боулинг добын ұстап, кегли арасымен жүгіріп, мөренің арғы бетіндегі тізіліп тұрған кеглилерді боулинг добымен лақтырып, құлату.

### 4. Кругтан өту

5. Балалар мәре сызығна дайындалып, мөренің арғы бетіндегі кругтан қтіп, мәреге жүгірі келіп, келесі балалаға қолын беріп, келесі бала жүгіру керек.

Уа халқым,назар аудар денсаулыққа,

Өмірде бақыттысың денің сауда.

«Денсаулық-терең бақыт»деген сөзді

Құр айтпаған ұлы Абай данамыз да.

Денің сауда күштісің бұл әлемде,

Денің сауда сұлусың жер бетінде.

Сол мықты денсаулықтың арқасында

Жетерсің әлі талай бақыттарға.-деп

Ал,құрметті спорт сүйер қауым,бүгінгі сайысымыздың жеңімпаздары да анықтаймыз.

Қортынды сөзді беру.

Құттықтау.Сыйлықтарын тапсыру.





